**Автор**: Бакеева Турсынгуль Дошниязовна
**Пән**: Өзін-өзі тану
**Сынып**: 3- сынып
**Бөлім**: Әсемдік әлемінде!
**Тақырып**: Сүйіспеншілік пен жақсылық жолы

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Білімділік: оқушыларға жақсылық жасаудың мейірімділіктен екендігін түсіндіру; Дамытушылық: оқушылардың жанашырлық қасиеттерін дамыту; Тәрбиелік:оқушыларды мейірімділікке , жанашырлыққа , қайырымдылыққа тәрбиелеу. |
| Сабақтың мақсаты: | оқушылардың жақсылық туралы түсініктерін кеңейту арқылы сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу. |
| Тілдік мақсаттар: | әркез жақсы сөйлеуге дағдыландыру |
| Күтілетін нәтиже: | өзінің іс-әрекеттерін тек жақсылыққа бағыттайды |
| Бағалау критерийлері: | барлығына сүйіспеншілікпен қарап , жақсы іс-әрекет жасауы |
| Құндылықтарды дарыту: | сүйіспеншілік құндылығын жарыққа шығару |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | интербелсенді тақта , компъютер |
| Пәнаралық байланыс: | қазақ тілі , әдебиеттік оқу , музыка |
| Бастапқы білім: | жанашырлық , сүйіспеншілік |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.5Т қадағалау.Жағымды күйге келу. | |
| Сабақтың ортасы | Үй тапсырмасын тексеру: «Райымбек бастауы» әңгімесін талдау.Қойылатын сұрақтар:-Райымбек батыр еліне қалай қызмет етті? -батырдың жауынгерлері қандай жағдайға тап болды? -Райымбек батырдың ғажап ісін қалай түсінуге болады? -жақсылық жолында жасалатын қандай істерді білесіңдер? -өзің қандай жақсылық көрсетер едің? -кімге жанашырлық таныттыңдер? -қандай қайырыДәйексөз «Қайырымды іс жаса , қайырлы болар әр ісің» Халық нақылы 2-рет ер балаларға , 2- рет қыз балаларға айтқызу , бірге қайталау.Дәптерге жазу. мды іс жасадыңдар? Әңгімелеу «Жақсылық жасау әр адамның қолынан келеді» фильмін көрсету , талдау:-фильм кейіпкерінің іс-әрекетінен оның қандай қасиеттерін байқадыңдар? -біреуге жақсылық жасау қиын ба? -жақсы іс адамды қандай сезімге бөлейді? -сендер қандай жақсы іс жасадыңдар? -кімге көмектестің? -айналаңа өз жанашырлығыңды қалай көрсетер едің? Шығармашылық жұмыс Жеке жұмыс.1-тапсырма:жақсылық істердің тізбесін жасаңдар.<br>Топпен ән айту Мен әдепті баламын әнін бірге орындау. | "Жақсылық жасау әр адамның қолынан келеді" фильмі , "Мен әдепті баламын" әні. |
| Сабақтың соңы | Үйге тапсырма: №26 сабаққа «Қайырлы іс» өсиет әңгімесін оқып және мазмұндап келу. | Өзін-өзі тану оқулығы |
| Рефлексия | Соңғы тыныштық сәті:Аяқ-қолымызды айқастырмай , түзеліп отырып , бүгінгі сабақта айтылған жақсы сөздер мен істерді жүрегімізге сақтап алайық.Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар! | |